# Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық істерді тергеу рәсімдерін жеңілдету, қылмыстардың кейбір құрамдарын қылмыстық сипаттан арылту және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 10 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат):

1) 39-баптың үшінші бөлігі "айыру" деген сөзден кейін "және қоғамдық жұмыстарға тарту" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 46-баптың үшінші бөлігіндегі "он алты жасқа" деген сөздер "он сегіз жасқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 48-баптың бесінші бөлігінде:

а) тармағындағы "жеті жылдан астам мерзімге" деген сөздер алып тасталсын;

б) тармағындағы ", сондай-ақ абайсызда жасалған қылмыстары үшін жеті жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға" деген сөздер алып тасталсын;

4) 62-бап мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Үкім заңды күшіне енгенге дейін үйде қамауда ұстау уақыты бас бостандығынан айыру, қамау түріндегі жаза мерзімінің бір күніне екі күн, бас бостандығын шектеу түрінде ұстауға - бір күнге бір күн, түзеу жұмыстары мен әскери қызмет бойынша шектеуге - екі күнге бір күн, ал қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалау мерзіміне - қоғамдық жұмыстардың екі сағаты үйде қамауда ұстаудың бір күні есебімен есептеледі.";

5) 64-баптың үшінші бөлігі "жағдайда," деген сөзден кейін "не шартты түрде сотталған адам бақылаудан жасырынса," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 72-баптың үшінші бөлігіндегі "сегіз" деген сөз "он төрт" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 79-бапта:

бірінші бөліктің д) тармағы алып тасталсын;

алтыншы бөлік алып тасталсын;

8) 81-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"81-бап. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату

1. Кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасаған немесе бірінші рет орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот оны қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған осы Кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

2. Кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге осы Кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен қол жеткізуге болады деп танылса, сот оны жазадан босатуы мүмкін.";

9) 84-бапта:

а) тармағында "үштен" деген сөз "төрттен" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) тармағында "жартысын" деген сөз "үштен бірін" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) тармағында:

"аса ауыр қылмысы" деген сөздердің алдынан "адам өміріне қол сұғумен ұштаспаған" деген сөздермен толықтырылсын;

"үштен екісін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін." деген сөздер "жартысын;" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:

"г) адам өміріне қол сұғумен ұштасқан аса ауыр қылмысы үшін сот тағайындаған жазаның кемінде үштен екісін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.";

10) 104-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не алты айға дейін қамауға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

11) 106-бап алып тасталсын;

12) 108-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"108-бап. Денсаулыққа жан күйзелісі жағдайында зиян келтіру

Жәбірленушінің тарапынан болған зорлықтан, қорлаудан немесе ауыр тіл тигізуден не жәбірленушінің өзге де құқыққа қарсы немесе моральға жат әрекеттерінен ( әрекетсіздігінен), сол сияқты жәбірленушінің ұдайы құқыққа қарсы немесе моральға

жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психикалық зақым келтіретін жағдайдан болған қатты жан күйзелісінің (аффект) кенеттен туындауы жағдайында денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

13) 111-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

14) 115-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"115-бап. Соз ауруын жұқтыру

Өзінде соз ауруы бар екендігін білген адамның ауыр зардаптарға әкеп соқтырған осындай ауруды басқа адамға жұқтыруы, сондай-ақ екі немесе одан да көп адамға не көрінеу кәмелетке толмаған адамға жұқтыруы, -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

15) 154-бап алып тасталсын;

16) 168-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"168-бап. Билікті күшпен басып алу немесе билікті күшпен ұстап тұру не Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен лауазымды адамдарының құзырына кіретін өкілеттіктерді шет мемлекет немесе шетелдік ұйым өкілдерінің жүзеге асыруы

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті күшпен басып алуға немесе билікті күшпен ұстап тұруға бағытталған, сол сияқты Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекеттер, -

он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қазақстан Республикасының, оның уәкілетті органдарының немесе лауазымды адамдарының құзырындағы өкілеттіктерді шет мемлекет немесе шетелдік ұйым өкілдерінің жүзеге асыруы, -

бір мың айлық есептік көрсеткіштен бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның он айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

17) 175-бапта:

бірінші бөлік "екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына," деген сөздерден кейін "не үш жылға дейін бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

18) 177-баптың екінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

19) 182-баптың үшінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

20) 183-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына, не" деген сөздерден кейін " мүлкі тәркіленіп немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

в) тармағындағы "жасаса" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, мынадай мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:

"г) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктер түрлеріне, сондай-ақ аулауға толық тыйым салынған жануарларға, не олардан алынатын өнімдерге қатысты жасалса, -";

екінші абзацтағы "онсыз" деген сөз "мүлкі тәркіленіп немесе онсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "үш жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

21) 185-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

22) 186-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"186-бап. Жерге заттай құқықтарды бұзу

1. Азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңмен қорғалатын мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан, күш қолдану арқылы не күш қолданамын деп қорқыту арқылы немесе адамдар тобымен немесе заңсыз тінтумен ұласып жасалған бөтен жер учаскесіне заңсыз кіріп кету, сол сияқты бөтен біреудің жер учаскесін заңсыз басып алу -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не екі айдан төрт айға дейін қамауға немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді адамның өз қызмет бабын пайдаланып жасауы, -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

23) 187-бапта:

бірінші бөлік "бас бостандығынан айыруға" деген сөздерден кейін "немесе нақ сол мерзімге бас бостандығын шектеуге" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "қамауға," деген сөзден кейін "не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

24) 193-баптың екінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

25) 196-баптың екінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

26) 209-бапта:

бірінші бөлік "сотталған адамның" деген сөздерден кейін "мүлкі тәркіленіп не онсыз," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте "немесе онсыз екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

27) 242-бап "түзеу жұмыстарына," деген сөздерден кейін "не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

28) 257-бапта:

бірінші бөлік "түзеу жұмыстарына," деген сөздерден кейін "не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте "бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 275-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

30) 281-баптың үшінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

31) 282-баптың үшінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

32) 283-баптың үшінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

33) 285-баптың үшінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

34) 286-баптың екінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

35) 287-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"287-бап. Су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу

1. Балықты және өзге де су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу, егер бұл әрекет:

а) елеулі зиян келтіре отырып;

б) жарылғыш және химиялық заттарды, электр тогын, не су жануарлары мен өсімдіктерін жаппай жоюдың өзге де тәсілдерін қолдана отырып жасалса, -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп не онсыз

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) бірнеше рет;

б) балықтардың бекіре тұқымдас түрлеріне қатысты;

в) ұрық шашу орындарында немесе оларға бару жолдарында;

г) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып;

д) адамдар тобы алдын ала сөз байласып;

е) өздігінен жүретін жүзгіш көлік құралы пайдаланылып;

ж) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және төтенше экологиялық жағдай аумақтарында жасалса, -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде айыппұл салуға не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ірі зиян келтіре отырып жасалған не ұйымдасқан топ жасаған әрекет, -

сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

36) 288-бапта:

бірінші бөлікте:

а) тармағындағы "ірі" деген сөз "елеулі" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "түзеу жұмыстарына, не" деген сөздерден кейін "қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, не онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзац "пайдаланып" деген сөзден кейін "әлденеше рет" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "айыппұл салуға, не" деген сөздерден кейін "қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, не онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ірі зиян келтіріп не ұйымдасқан топ жасаған әрекет -

сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау

қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

ескертудегі "жүз есе асып түсетін", "үш жүз есе асып түсетін" деген сөздерден кейін тиісінше "және одан да көп" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 290-баптағы "шектеуге немесе" деген сөздерден кейін "сотталған адамның мүлкі , сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын;

38) 291-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"291-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу

1. Барлық топтағы ормандарда ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ орман қорына кірмейтін ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, сол сияқты өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдау, егер бұл әрекеттер елеулі зиян келтірсе, -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп немесе онсыз алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) бірнеше рет;

б) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып;

в) ірі зиян келтіріле отырып жасалса, -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не ұйымдасқан топ жасаған әрекеттер, -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

39) 299-баптың бірінші бөлігі "айыппұл салуға," деген сөздерден кейін "не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

40) 312-баптың ескертуі мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:
"3. Осы бапқа қатысты лауазымды адамдарға осы Кодекстің 307-бабына ескертуде көрсетілген лауазымды адамдар, сондай-ақ шет мемлекеттердің лауазымды адамдары жатады.";

41) 370-баптың бірінші бөлігі "екі жылға дейінгі мерзімге" деген сөздердің алдынан "екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не" деген сөздермен толықтырылсын;

42) 372-баптың бірінші бөлігінде "екі" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

43) 375-баптың бірінші бөлігінде "бір жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

44) 380-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы "зиян келтірген" деген сөздерден кейін ", әскери қызметшілердің (азаматтардың) немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің елеулі түрде бұзылуына әкеп соққан" деген сөздермен толықтырылсын;

45) 391-баптың екінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алып тасталсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж. N 3-4, 66-құжат, N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат):

1) 33-баптың бірінші бөлігіндегі "112" деген цифрлар алып тасталсын;

2) 37-баптың бірінші бөлігінің 5) тармағындағы ", Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен татуласуы" деген сөздер алып тасталсын;

3) 75-бапта:
бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
"5. Жәбірленушінің өзіне келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюы қылмыстық процесте қаралады. Егер мұндай талап қылмыстық істе қойылмаса не қараусыз қалдырылса, онда жәбірленуші оны азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қоюға құқылы.";

алтыншы бөлік "өкілі болуына;" деген сөздерден кейін "одан дәлелдеу құралы ретінде қылмыстық ізге түсу органы алып қойған немесе өзі берген мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адамнан алып қойылған оған тиесілі мүлікті алуға, оған тиесілі құжаттардың түпнұсқаларын алуға; заңда көзделген жағдайларда сезіктімен, айыпталушымен татуласуға;" деген сөздермен толықтырылсын
;

4) 109-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: "5. Осы баптың ережелеріне сәйкес судьяның шығарған қаулысына оны жариялаған сәттен бастап үш тәулік ішінде осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдар шағымдануы, сондай-ақ прокурор судьясы қаулы шығарған сот арқылы облыстық және оған теңестірілген сотқа наразылық білдіруі мүмкін. Шағымдану мерзімі өткеннен кейін іс шағыммен, наразылықпен осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдар мен прокурор хабардар етіле отырып, облыстық немесе оған теңестірілген сотқа жіберіледі. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген ережелер мен мерзімдерді сақтай отырып, шағымды, наразылықты қарайды және мынадай: шағымды, наразылықты қанағаттандырмай қалдыру және қалалық (аудандық) сот судьясының қаулысын өзгеріссіз қалдыру; шағымды, наразылықты қанағаттандыру және қалалық (аудандық) сот қаулысының күшін жою туралы шешімдердің бірін шығарады.";

5) 116-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Куә ретінде алдын ала жауап алу барысында сезікті, айыпталушы берген айғақтар дәлелдер ретінде танылмайды және айыптау негізіне алынбайды.";

6) 134-баптың бірінші бөлігіндегі "Ұсталған адамды анықтау органына немесе алдын ала тергеу органына әкелгеннен кейін" деген сөздер "Нақты ұстау сәтінен бастап " деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 152-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: "Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктіні, айыпталушыны тергеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін бір тергеу изоляторынан басқа тергеу изоляторына ауыстыру (этаптау) прокурордың қаулысы бойынша немесе анықтаушының, тергеушінің прокурор санкция берген қаулысы бойынша жүзеге асырылады.";

8) 153-бап мынадай мазмұндағы 12-1-бөлікпен толықтырылсын: "12-1. Іздестірілудегі адамды шет мемлекет Қазақстан Республикасына берген жағдайда қамауға алу мерзімі оның Қазақстан Республикасы аумағына келген күнінен бастан есептеледі. Бұл ретте адамды шет мемлекеттің аумағында экстрадициялық қамау тәртібімен қамауда ұстау уақыты оны берген жағдайда жазаны тағайындау кезінде жалпы қамауда ұстау мерзіміне есептеледі.";

9) 161-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Осы Кодекстің 232-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда мүлікке тыйым салу прокурордың санкциясынсыз, бірақ жиырма төрт сағаттың ішінде оған мүлікке тыйым салу жүргізілгені туралы хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады." ;

10) 162-баптың бірінші бөлігі "мүліктік" деген сөзден кейін "және моральдық" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 188-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын: "4. Қылмыс туралы хабарды немесе арызды тергелу реті немесе соттылығы

бойынша беру кезінде оқиға болған орынды, сол жерді немесе үй-жайды қарау кезінде табылған не ұйымдар, лауазымды адамдар немесе азаматтар ұсынған заттар мен құжаттар осы Кодекстің 223-бабының бесінші бөлігінде көзделген тәртіппен беріледі.";

12) 192-бапта:

екінші бөлікте:

"142" деген цифрлар "142 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"145-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "145-бабында ( үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"146-155" деген цифрлар "146-153, 155" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"186-бабында (үшінші бөлігінде) деген сөздер "186-бабында (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"188-бабында (екінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"262-бабында (екінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"266-бабында (екінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"296-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"319-322" деген цифрлар "319, 320 (екінші бөлігінде), 321, 322" деген сөздермен ауыстырылсын;

"327-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "327-бабында ( үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"176-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздерден кейін "209 ( екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"223-бабында (екінші бөлігінде)" деген сөздер "224-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

бірінші сөйлем "Қылмыстық кодексінің" деген сөздерден кейін "176-бабында ( екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"191-205" деген цифрлар "191-197, 199-205" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"207-баптарында," деген сөздерден кейін "209-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"222-бабында (екінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "224-бабында," деген сөздермен толықтырылсын;

"223-бабында (екінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөлікте:

"176-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"209-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"224," деген цифрлар алып тасталсын;

"226, 227-баптарында" деген сөздер "226-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-2-бөлікпен толықтырылсын:

"4-2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 227-бабында көзделген

қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық істі қозғаған ішкі істер, қаржы полициясы немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізеді.";

13) 285-бапта:

екінші бөлікте:

"106," деген цифрлар алып тасталсын;

"141 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "142 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"145 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "145 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"186 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "186 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"187 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "188 (екінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"262 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "262" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"266 (бірінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "266" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"296 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "296" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"317," деген цифрлардан кейін "320 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"327 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "327 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"192," деген цифрлардан кейін "198," деген цифрлармен толықтырылсын;

"222 (бірінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 223" деген цифрлармен толықтырылсын;

8-1-бөлікте ", 223 ( бірінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;

14) 448-баптың бесінші бөлігінде "444" деген цифрлар "423-1" деген цифрлармен ауыстырылсын;

15) 453-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақпен толықтырылсын:

"1-1) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталып, бақылаудан жасырынған және жазасын өтеуден жалтарған адамдарға қатысты іздестіру жариялау мен бұлтартпау шарасын таңдау туралы;";

16) 454-баптың төртінші бөлігіндегі "5-тармағымен" деген сөз "1-1 және 5-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 459-баптың екінші бөлігінің 1) тармағындағы "446" деген цифрлар "423-3" деген цифрлармен ауыстырылсын.

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат

; N 17-18, 245-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 23-24, 192-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат):

56-бапта:

1-тармақтағы "және мемлекеттік наградалардан", "немесе оны мемлекеттік наградамен марапаттаған" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес сотталушыны құрметті атақтан, әскери, арнаулы немесе өзге де атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан немесе мемлекеттік наградадан айыру туралы шешім қабылдаған кезде тиісті мемлекеттік орган осы баптың 2-тармағында көрсетілген шараларды қабылдайды. Мемлекеттік наградаларды оларға қоса берілген құжаттармен бірге алып қоюды олар болатын жердегі қылмыстық-атқару инспекциясы жүргізеді.".

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2001 ж., N 5-6, 24-құжат, N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат):

1) 45-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің 461-472, 476-баптарында көзделген жағдайларда қолданылған әкімшілік жаза түрлері туралы ақпарат уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізуші куәлігінің талонына енгізіледі.";

2) 55-баптың бірінші бөлігіндегі "ал" шылауы "жеке адамға қарсы құқық бұзушылық үшін, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 69-баптың үшінші бөлігі "әкімшілік құқық бұзушылық кезінде" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғатын қаржы мен бюджет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 9-1-тараумен толықтырылсын:

"9-1-тарау. Жеке адамға қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар

79-1-бап. Ұрып-соғу

Тән ауруына ұшырататын, бірақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 105-бабында көзделген зардаптарға әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін қамауға әкеп соғады.

79-2-бап. Денсаулыққа жан күйзелісі жағдайында зиян келтіру

Жәбірленушінің тарапынан болған зорлықтан, қорлаудан немесе ауыр тіл тигізуден не жәбірленушінің өзге де құқыққа қарсы немесе моральға жат әрекеттерінен ( әрекетсіздігінен), сол сияқты жәбірленушінің ұдайы құқыққа қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психикалық зақым келтіретін жағдайдан болған қатты жан күйзелісі (аффект) кенеттен туындаған кезде денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін қамауға әкеп соғады.

79-3-бап. Денсаулыққа абайсызда орташа ауырлықтағы зиян келтіру

Денсаулыққа абайсызда орташа ауырлықтағы зиян келтіру, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін қамауға әкеп соғады.

79-4-бап. Соз ауруын жұқтыру

Өзінде соз ауруы бар екендігін білген адамның басқа адамға осы ауруды жұқтыруы, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін қамауға әкеп соғады.";

5) 84-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Лауазымды адамның осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді жасауы, егер бұл әрекеттер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірсе, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

6) 139-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы "сәйкес келмеу," деген сөздерден кейін "егер мұндай іс-әрекеттердің құрамында қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 159-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"159-бап. Тұтынушыларды алдау

1. Сауда қызметін және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлердің немесе ұйымдардың кем өлшеуі, таразыдан жеуі, кем есептеуі, тауардың (қызметтер көрсетудің) тұтыну қасиеттері немесе сапасына қатысты адастыруы немесе тұтынушыларды өзгедей алдауы, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін

бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір қызмет түріне берілетін лицензиядан айыру және қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу арқылы азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8) 298-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы "және осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген аң аулау ережелерін бұзу" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жарылғыш құрылғыларды, авиа,- авто,- мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолданып заңсыз аң аулау, сондай-ақ бір жыл ішінде аң аулау ережелерін екі рет және одан да көп бұзу, -";

9) 356-бапта:

тақырыбы "кедергі келтіру," деген сөздерден кейін "қаулыларын," деген сөзбен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

"нұсқауларды" деген сөзден кейін ", қаулыларды" деген сөзбен толықтырылсын;

10) 461-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "тіркелген" деген сөз алып тасталсын;

11) 462-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің екіден бір бөлігінен бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе төрт айдан алты айға дейін көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы "бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе екі айдан төрт айға дейінгі мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 463-бап мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Белгіленген талаптарды бұзып, қарама-қарсы бағыттағы жолға шығу -

айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға әкеп соғады.";

13) 465-баптың екінші абзацындағы "алты айға" деген сөздер "үш айдан бір жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 467-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "бір жылға" деген сөздер "алты айдан бір жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "екі жылға" деген сөздер "бір жылдан екі жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 468-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "үш айдан алты айға" деген сөздер "алты айдан бір жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 470-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "куәлігі" деген сөзден кейін "немесе жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "екіден бір бөлігінен бір айлық есептік көрсеткішке" деген сөздер "бірден екіге" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "сегіз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 484-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"484-бап. Көлік құралдарын жүргізуші азаматтардың пайдалану және жол жүрісі ережелерін үнемі бұзуы

1. Көлік құралдарын пайдалану ережелерін үнемі бұзу, яғни бір жыл ішінде осы Кодекстің 246, 247, 461, 468, 470, 474, 475 және 483-баптарында көзделген бірнеше құқық бұзушылықты жасау, -

айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе азаматтарды үш айдан алты айға дейінгі мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға және көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Көлік құралдарын жүргізуші азаматтардың жол жүрісі ережелерін үнемі бұзуы, яғни бір жыл ішінде осы Кодекстің 461, 462, 463, 464, 465, 466, 468, 469, 470 және 471-баптарында көзделген бірнеше құқық бұзушылықты жасауы, -

айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе азаматтарды үш айдан алты айға дейінгі мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға әкеп соғады.";

18) 541-баптың бірінші бөлігі:

"осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "79-1, 79-2, 79-3, 79-4," деген цифрлармен толықтырылсын;

"158," деген цифрлардан кейін "159 (екінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

19) 543-бапта:

бірінші бөлік "159" деген цифрлардан кейін "(бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің 2) тармақшасы "159" деген цифрлардан кейін "(бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 558-баптың тақырыбы мен мәтіні "ұлттық қауіпсіздік комитетінің", "ұлттық қауіпсіздік комитетіне" деген сөздерден кейін тиісінше ", Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің", "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 570-1-баптың бірінші бөлігі "159" деген цифрлардан кейін "(бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 618-бапта:

бірінші бөлікте:

7) тармақша "ұстау" деген сөзден кейін ", жеткізу және пайдалануға тыйым салу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) тексеру;

9) жеке адамның алкогольмен, есірткімен немесе уытқұмарлықпен масаю күйін медициналық куәландыру.";

23) 620-бапта:

9) тармақшадағы "мен қаржы полициясы" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) белгіленген басқару тәртібіне және мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын кәсіпкерлік қызмет, сауда және қаржы, салық салу салаларындағы құқық бұзушылықтарды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің ведомстволық бағыныстылығына сәйкес - қаржы полициясы органдарының лауазымды адамдары;";

24) 625-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Алып келуді қаржы полициясы органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша тиісінше Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) белгілеген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) ұйғарымы негізінде ішкі істер және қаржы полициясы органдары жүргізеді.";

25) мынадай мазмұндағы 627-1 және 627-2-баптармен толықтырылсын:

"627-1-бап. Тексеру

Әкімшілік құқық бұзушылықтың іздерін, өзге де материалдық объектілерді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында уәкілетті лауазымды адам өз өкілеттіктері шегінде сол жерді, заттарды, құжаттарды, тірі адамдарды тексеруге құқылы.

627-2-бап. Тексеру жүргізудің жалпы ережелері

1. Тексеру, әдетте, қажеттілік туындаған жағдайда дереу жүргізіледі. Тексеру жүргізілгені туралы хаттама толтырылады.

2. Тексеру куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. Айрықша жағдайларда (жету қиындық тудыратын жерлерде, тиісті байланыс құралдары болмаған кезде немесе басқа объективті себептерге байланысты азаматтарды куәгерлер ретінде тартуға мүмкіндік болмағанда) тексеру куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ бұл ретте оның барысы мен нәтижелерін айғақтап көрсететін техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізіледі.

3. Қажет болған жағдайда тексеру құқық бұзушының, жәбірленушінің, куәлердің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі.

4. Табылған іздер мен өзге де материалдық объектілерді тексеру әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүзеге асырылады. Егер тексеру үшін қосымша уақыт қажет болса немесе табылған затты сол жерде тексеруге елеулі қиындықтар туындайтын болса, объектілер алып қойылуы және буып-түйілген, мөр басылған күйінде, зақым келтірілмей, тексеруге қолайлы жерге жеткізілуі мүмкін.

5. Тексеру кезінде барлық табылған және алып қойылған заттар куәгерлерге, басқа да тексеруге қатысушыларға көрсетілуге тиіс, ол жөнінде хаттамаға белгі қойылады.

6. Тек қана іске қатысы бар объектілер алып қойылуға тиіс. Алып қойылған объектілер буып-түйіліп, мөр басылады және уәкілетті лауазымды адам мен куәгерлердің қол қоюы арқылы расталады.

7. Тексеруге қатысушы адамдар өз пікірлерінше істің мән-жайын анықтауға септігін тигізуі мүмкін дегеннің бәріне уәкілетті лауазымды адамның назарын аударуға құқылы.

8. Қажет болған жағдайларда тексеру кезінде тексерілетін объектілер өлшенеді, олардың жоспарлары мен сызбалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіріледі және өзге де құралдармен түсіріліп алынады, ол туралы хаттамаға белгі жасалып, оған аталған материалдар қоса тіркеледі.";

26) 630-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"630-бап. Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу

1. Осы Кодекстің 283-285, 287, 289, 297, 298, 298-1, 302-306, 447, 447-1, 447-2, 447-3 , 447-4, 451, 453, 457, 460, 461, 463 (екінші және үшінші бөліктерінде), 467-471-баптарында көрсетілген бұзушылық жасалған кезде осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті лауазымды адам көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау себептері жойылғанға дейін оларды ұстауға, уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға

немесе тұрақтарға, оның ішінде басқа көлік құралын (эвакуаторды), шағын көлемді кемені пайдалана отырып жеткізу немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін алып қою арқылы көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы.

Көлік құралын уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға жеткізу (эвакуациялау) көлік құралдарын жүргізушілер тоқтау немесе тоқтап тұру ережелерін бұзған және өздері сол жерде болмаған жағдайларда, сондай-ақ жүргізушілердің қайда екенін анықтау мүмкін болмаса, олар жолда қараусыз қалдырған көлік құралдарына қатысты да қолданылуы мүмкін.

2. Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстауды, жеткізуді және пайдалануға тыйым салуды жол полициясының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралын жүргізуші адам әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әскери автомобиль полициясының, өз өкілеттіктері шегінде көлік бақылау органдарының, орман және аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, балық қорғау органдарының (орман, балық, аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарды бұзған кезде) лауазымды адамдары жүргізеді.

3. Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу туралы белгіленген нысандағы акт жасалып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қоса тіркеледі.

Пайдалануға тыйым салынатын ақауы бар немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе мемлекеттік техникалық тексеруден өтпеген, сол сияқты мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері жоқ не жасырын, қолдан жасалған немесе мемлекеттік стандартқа сай емес нөмірлік белгілері бар көлік құралын, шағын көлемді кемені пайдалануға тыйым салынады.

4. Ұсталған көлік құралын, шағын көлемді кемені сақтау жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылатын және коммуналдық меншік болып табылатын арнаулы алаңдарда немесе тұрақтарда жүзеге асырылады.";

27) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

бірінші абзац:

"ішкі істер органдарының (" деген сөздерден кейін "79-1, 79-2, 79-3, 79-4," деген цифрлармен толықтырылсын;

"143," деген цифрлардан кейін "159 (екінші бөлігі)," деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма екінші абзац "органдарының (" деген сөзден кейін "177," деген цифрлармен толықтырылсын;

жиырма алтыншы абзац "138," деген цифрлардан кейін "139," деген цифрлармен, "148-158," деген цифрлардан кейін "159 (екінші бөлігі)," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы қырық бірінші абзацпен толықтырылсын:
"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және мәслихаттардың тексеру комиссияларының (177, 356-баптар);";

28) 638-бапта:

бірінші бөліктегі "салық тексерісі барысында анықталған салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық бойынша - ол аяқталғаннан кейін" деген сөздер "салық салу не бюджет қаражатын пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық бойынша - тиісті тексеру аяқталғаннан кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:
"3. Сараптама жүргізу талап етілетін жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама сараптама қорытындысы алынған сәттен бастап бір тәулік ішінде жасалады.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген талаптар жеке адамның анықталмауына байланысты атқарылмауы мүмкін жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама осы бапта белгіленген мерзімдерде әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі бойынша жасалады.";

29) 700-бап мынадай мазмұндағы 5-1-бөлікпен толықтырылсын:
"5-1. Осы Кодекстің 461-472, 476-баптарында көзделген ескерту, айыппұл салу, арнаулы құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жаза шығарылған кезде оны уәкілеттік берілген лауазымды адам уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ресімдейді және жүргізуші куәлігінің талонында белгілейді.".

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК